

ӘЛЕМДЕ КОРОНАВИРУСТАН КӨЗ ЖҰМҒАНДАР САНЫ АЗАЙЫП, МАСКА ТАҒУ РЕЖИМІ ЖЕҢІЛДЕТІЛДІ



Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) апта сайынғы эпидемиологиялық бюллетеніне сәйкес, соңғы екі аптада әлемде коронавирус жұқтырғандар саны артқан, алайда КВИ-ден қайтыс болғандар саны едәуір азайып отыр. Мәселен, 7-13 наурыз аралығында әлемде COVID-19 жұқтырғандар саны 8%-ға өссе, ал өткен аптада тағы 7%-ға артқан. Дегенмен аталған ұйымның мәліметінше, әлемде COVID-19-дан қайтыс болғандар көрсеткіші төмендеген. Мәселен, соңғы аптада қайтыс болғандар саны 23%-ға азайған.

Джон Хопкинс университетінің мәліметінше, пандемия басталғаннан бері әлемде 477 миллионнан астам адам коронавирс жұқтырған. 6,1 миллионнан астам адам қайтыс болды. 20 миллионнан астам адам коронавирс жұқтырған елдер қатарында АҚШ, Үндістан, Бразилия, Франция және Ұлыбритания бар. Әлемдегі маңызды оқиғалардың статистикасын жасайтын Worldometer порталының мәліметі бойынша, бейсенбі күні төңерің 1 миллион адамға шаққандағы өлім көрсеткіші 786,2-ны құраған. АҚШ-та 1 миллион тұрғына шаққанда 2994 адам, Үндістанда – 368, Бразилияда – 3059, Францияда – 2157, Ұлыбританияда – 2396 адам қайтыс болды. Бұған дейін наурыз айының ортасында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өкілі Маргарет Харрис өлем қазір «пандемияның ортасына жеткенін» айтқан еді. Ал ұйымның Ресейдегі өкілі Мелита Вуйнович пандемия был аяқталуы мүмкін екенін атап өтті. «Алайда бұл вирус толығымен жойылады деген сөз емес. Тек коронавирс жұқтырғандар саны азайып, жағдай бұған дейінгідей ушықпайды дегенді білдіреді», - деді ол.

ПОЛЬШАДА БЕТПЕРДЕ ТАҒУ РЕЖИМІ АЛЫНАДЫ

Польша билігі 28 наурыздан бастап республикадағы бетперде режимін алып тастау және шетелден келетіндерге карантин енгізу туралы шешім қабылдады. Бұл туралы бейсенбі күні баспасөз мәслихатында республиканың денсаулық сақтау министрі Адам Недзельский мәлім етті. «Мен 28 наурыздан бастап бетперде кию міндеттемесін алып тастау керек деп шештім. Бірақ бұны медициналық мекемелердегі қызметкерлер мен науқастарға қатысы жоқ. Басқа жерлерде 28 наурыздан бастап мұндай міндеттеме болмайды», - деді ол. Дегенмен адам көп жиналатын жерлерде маска тағып жүруге кеңес берді. Сонымен қоса ол үй карантині де алынып тасталатынын атап өтті. Оның айтуынша, Денсаулық сақтау министрлігі елдегі эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы мүмкін екенін жоққа шығармайды. Мұндай жағдайда адекватты шешімдер қабылданатын болады.

Еске салайық, 2020 жылдың 4 наурызынан бастап республикада коронавирс инфекцияның алғашқы жағдайы анықталғаннан бері 5,9 миллион адам жұқтырған, 114 мыңнан астам адам қайтыс болған. 38 миллион халқы бар Польшада елдің 22,3 миллион тұрғыны вакциналаудың толық курсынан өткен. Польшада эпидемиялық режим 2020 жылдың наурыз айынан бастап енгізілген еді, бірақ қазіргі уақытта бұрын енгізілген шектеулердің көбі алынып тасталды.

ИТАЛИЯДА БІР АПТА ІШІНДЕ ЖАРТЫ МЛН АДАМ КВИ ЖҰҚТЫРДЫ

Соңғы жеті күнде, яғни 17-23 наурыз аралығында Италияда жарты мил-

лионнан астам адам коронавирус жұқтырған. Бұл бір апта бұрынғы көрсеткіштен 32%-ға көп. Сонымен қоса ауруханаға жатқызылғандар саны - 5,9%-ға, реанимация бөлімшелеріне жаңадан түскен науқастардың саны аздал 9,4%-ға артқан.

Жаңа Зеландия кейбір мамандықтар үшін міндетті вакциналауды алып тастамақ

Жаңа Зеландия 2022 жылдың 4 сәуірінен бастап белгілі бір мамандықтар үшін үшін міндетті коронавирсқа қарсы вакциналауды алып тастамақ. Бұл туралы сөрсенбіде елдің премьер-министрі Джакинда Ардерн мәлімдеді. «Коронавирстың омикрон нұсқасының тарауын бақылауға алу және Жаңа Зеландия тұрғындарының вакцина алу көрсеткіштерінің жоғары екені санитарлық шектеулерді жеңілдетуге мүмкіндік береді», - дейді ол. Сонымен қоса премьер-министр ел індіттің шарықтау шегінен өткенін және жұқтырғандар санының күн сайын көбеюі тұрақты түрде төмендеп келе жатқанын, сондықтан 4 сәуірден бастап ешбір қоғамдық және мемлекеттік ұйымдарға бару үшін вакциналау құжаты талап етілмейтінін атап өтті. Бұрақ мұның денсаулық сақтау саласы мамандарына, мүгедектер мен қарттарды күтумен айналысатындарға, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне қатысы жоқ. Шекара және кеден қызметкерлері үшін де вакцина алу міндетті болып қалады. Сонымен қатар Ардерн 26 наурыздан бастап қоғамдық іс-шараларға қатысушылар мен мейрамханалар мен барларға келушілер саны 100-ден 200 адамға дейін ұлғайтылатынын, сонымен қатар спортпен айналысуға тыйым салынатын шектеулер де алынып тасталатынын тілге тиек етті. Бүгінгі таңда Жаңа Зеландияда коронавирс инфекциясын 573 мыңнан астам жұқтырып, 201 адам қайтыс болды.

ФРАНЦИЯДА БІР ТӘУЛІКТЕ 150 МЫҢҒА ЖУЫҚ АДАМ КВИ ЖҰҚТЫРДЫ

Францияда коронавирс жұқтырғандар саны артып келеді, соңғы тәулікте 150 мыңға жуық адамның жұқтырғаны тіркелді. Бұл туралы бейсенбіде республиканың Қоғамдық денсаулық сақтау агенттігі хабарлады. Елдегі инфекция деңгейі 100 000 тұрғына шаққанда 1025 жағдайға дейін өскен. Бұл көрсеткіш алдыңғы аптамен салыстырғанда жоғары. 15 наурызда Францияда күніне шамамен 116 000 адамға ковид диагнозы қойылды, бұл көрсеткіш 100 000 тұрғына 679 жағдайды құраған еді. 24 наурызда жағдай бойынша елде 141 мыңнан астам француз Ковид салдарынан қайтыс болды. Бір аптада қайтыс болғандар саны 612-ні құраған. Жалпыкоронавирс пандемия салдарынан Францияда өлім-жітім көрсеткіші айтарлықтай өсті. Бүгінде француз ауруханаларында орта есеппен 100 адам КВИ-ді жұқтыру салдарынан қайтыс болуда. Осылайша, пандемия елдегі өлім-жітім көрсеткішіні айтарлықтай өсер етіп отыр. Ұлттық демографиялық зерттеулер институтының мәліметі бойынша, 2021 жылы Францияда 657 000 адам қайтыс болды.

Аустралияда қарт адамдар мен мүгедектерге вакцинаның екінші бустерлік дозасын салу ұсынылды

Аустралияда 65 жастан асқан тұрғындарға (50 жастан асқан байырғы жергілікті тұрғындарға) және иммунитеті төмен науқастарға COVID-19-ға қарсы вакцинаның бустерлік дозасының екіншісін алуға кеңес берілді. 25 наурызда Аустралия үкіметі жанын-

дағы иммундау бойынша мемлекеттік техникалық консультативтік топтың мұндай ұсынысы Аустралия Денсаулық сақтау министрлігінің сайтында жарияланған. Консультативтік топ сарапшыларының айтуынша, бұл санаттағы азаматтар үшін вакцинаның екінші бустерлік дозасы оңтүстік континентке қыс келгенге дейін коронавирсустан қорғану мүмкіндігін арттырып, асқынуды қауіпін азайтады. Қыс мезгіліне арналған екінші бустерлік дозасын COVID-19 анықталғаннан кейінгі төрт айдан соң немесе бірінші бустерлік дозаны қабылдағаннан кейін төрт ай өткен соң ғана салдыруға болады.

ҚЫРҒЫЗСТАНДА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ РЕЖИМІ АЛЫНАДЫ

24 наурызда Қырғызстанның вице-премьер-министрі Еділ Байсалов Төтенше жағдайлар министрлігіне Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, коронавирс пандемиясына байланысты 2020 жылдың наурыз айында енгізілген төтенше жағдай режимін алып тастау мәселесін пысықтауды тапсырды. Сонымен қоса ол Сыртқы істер министрлігіне қырғыз-өзбек шекарасын кесіп өту кезінде қырғыз азаматтарының коронавирс инфекциясына қарсы міндетті экспресс-тестілеуді алып тастау мәселесін де қарастыруға тапсырма берді. Дегенмен елдегі ТЖ режимі мен шекарадағы экспрес-тестілеу қашан алынатыны жөнінде әлі толық ақпарат жоқ. Айта кетейік, Қырғызстанда пандемия басталғалы бері 201 мыңнан астам коронавирс жұқтырып, 2 982 адам қайтыс болған.

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАБЫҚ МЕКЕМЕДЕ МАСКА ТАҒЫП ЖҰРУ ТАЛАБЫ АЛЫНДЫ

24 наурызда премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжановтың төрағалығымен Қазақстан аумағында коронавирс инфекциясының таралуының алдын алу жөніндегі ВАК отырысы өтті. Онда елдегі эпидемиологиялық жағдайдың тұрақтанғаны ескеріліп, ВАК бірқатар шектеуді алып тастады. Олар:

- үй-жайларда міндетті маска тағу талабын алып тастады;
- медициналық мекемелерде (персонал, қызметкерлер, пациенттер, келушілер) медициналық маскаларды тағу міндетін өз күшінде қалдыру;
- адам көп жиналатын орындарда, қоғамдық көлікте, ұйымдасқан ұжымдарда маска тағуды ұсынымдық сипатта қалдыру;
- білім беру ұйымдарында оқытудың кабинеттік жүйесіне рұқсат беру. Сондай-ақ комиссия шешімімен «Pfizer» препаратымен вакциналауға жататын тұлғалар контингенті кеңейтіледі, ол мынадай санаттармен толықтырылады:

- бастапқы вакциналаудан өтетін, профилактикалық вакцина алғалы келетін адамдар;
- түрлі себептермен шетелге шығу үшін қайталама екпе алушылар;
- шетелде алған вакцина курсынан аяқтау үшін екпе алушы тұлғалар;
- COVID-19 вирусна қарсы ревакцинация алушы барлық топтағы адамдар. Сонымен қоса Е. Тоғжанов қолайлы эпидемиологиялық жағдайды қамтамасыз етудің басты шарттарының бірі азаматтарды уақытлы иммундау және ревакциналау екенін атап өтіп, оны қадағалауды тапсырды. Айта кетейік, елде пандемия басталғалы бері 1 млн 304 мыңнан астам адам коронавирс инфекциясын жұқтырған. Ал 13 мыңнан астам адам қайтыс болды.

СПОРТ АРДАГЕРЛЕРІ ТАРТЫСТЫ ОЙЫН КӨРСЕТТІ

ӨТКЕН ЖЕКСЕНБІ КҮНІ ЕКІ МӨРТЕ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ ТАЛҒАТ БИГЕЛДИНОВТЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН СПОРТ АРДАГЕРЛЕРІ АРАСЫНДА ВОЛЕЙБОЛДАН ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР ӨТТІ. ЖАРЫСТЫ САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ АШҚАН АУДАН БАСШЫСЫ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ СПОРТ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕГІН СІңІРІП ЖҮРГЕН СПОРТ АРДАГЕРЛЕРІНЕ СӘТТІЛІК ТІЛЕДІ.



Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі ұйымдастыруымен өткен шараға Ойыл, Әйтеке би, Байғанин, Темір, Мұғалжар, Қобда аудандары мен Ақтөбе қаласынан келген «Көкжар» командасы өзара бақ сынады.

Ардагерлердің көбі жастық шағында спорттың бұл түрін шебер меңгергендер, сондай-ақ мол тәжірибе жинаған жандар. Барлығы өз командасының намысын лайықты қорғауға өзін еңкерткені көрініп тұрды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, аға буын спортшыларының қатысуына ететін мұндай жарыстар жастарға үлгі-өнеге болып, салауатты өмір

салтын дәріптеуге зор ықпал етеді. Спорттық сайыс тартысты өтіп, ардагерлер бар шеберліктерін көрсетуде аянып қалған жоқ. Ақтық бәсеке көпшілікке Көкжар мен Темір командасының тартысымен қызықты болды. Турнирдің қорытындысы бойынша «Көкжарлық» ардагерлер топ жарса, олардан басқаға есе жібермеген Темір ауданы екінші орынды иеленді, үшінші орынға байғаниндік спортшылар жайғасты. Ауыспалы кубокты жеңіп алған «Көкжарлықтар» кубокті аудан өкіміне тарту етті.

«Облыстық турнир өскелең ұрпақты патриоттық сезімге және ұлтжандылыққа тәрбиелеу, ардагер

спортшылар достығын нығайтуды көздеді. Қатысушылар өздерінің өлі бабында екенін тағы бір дәлелдеді. Алдағы уақытта турнир өз жалғасын табады»- дейді аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің сектор меңгерушісі Бақберген Мұхамбетқали.

Р.С Байғаниндік Айбек Ембергенов «Үздік қорғаушы» атанса, «Үздік байланыстырушы» болып төмірлік Есен Жалғасов танылды, «Көкжар» командасынан Қанат Еңсегеновке «Үздік шабуылшы» номинациясы табысталды.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

ҚАЙТАРЫМСЫЗ НЕСИЕНІ КІМДЕР АЛА АЛАДЫ?

ӨТКЕН ЖЫЛЫ АУДАНЫМЫЗДА 71 АДАМҒА 41 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ КӨЛЕМІНДЕ ҚАЙТАРЫМСЫЗ НЕСИЕ БЕРІЛГЕН. ЖАҢА БИЗНЕС-ИДЕЯЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА БЕРІЛЕТІН ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТ БЕРУ ШАРТТАРЫНА БИЫЛ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ. МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ МӨШІЕРІ 200 ДЕН 400 АЙЛЫҚ ЕСЕПТІК КӨРСЕТКІШКЕ ДЕЙІН АРТТЫ, БИЫЛ 1 225 200 ТЕНГЕНІ ҚҰРАЙТЫН БОЛАДЫ. ҚАЙТАРЫМСЫЗ ҚАРЖЫ АЛУҒА КІМДЕР ҮМІТКЕР БОЛА АЛАДЫ, ҚАНДАЙ ТАЛАПТАР БОЙЫНША БЕРІЛЕДІ? ОСЫ САУАЛДАРҒА ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАСШЫСЫ АРАЛБАЙ ЖОЛДЫБАЕВ ЖАУАП БЕРДІ.

«Еңбек» бағдарламасы жұмыссыз жандарды қолдауға арналған. Осы мақсатта мемлекет тарапынан қайтарымыз несиелер мен гранттар үздіксіз, тұрақты түрде бөлініп келеді. Мемлекеттік гранттар бастапқы бизнесті іске асыруды жоспарлайтын бағдарламаға қатысушыларға өтеусіз және қайтарымсыз негізде беріледі. Бөлініп жатқан қаражат – кесіп бастауға берілетін мүмкіндік. Жобаға қатысқан ер қатысушы осы мүмкіндікті пайдаланып, өрекет етіп, кесіпті дамытуға тырысу керек. Енді қайтарымыз қаражат әлеуметтік осал топтағы азаматтар мен 29 жасқа дейінгі тұрғындарға ғана беріледі. Айта кетейік, әлеуметтік осал топқа көп балалы аналар, аз қамтылған отбасылар мен мүгедек жандар және мүмкіндігі шектеулі балаларды бағып отырған аналар жатады. Тағы бір ескеретін жайт, биылдан бастап грант мөлшері 200 АЕК-тен 400-ге дейін көтеріледі. Яғни, кәсіпкерлікті меңгерген жандарға 1 млн. 225 мың теңге беріледі. Былтыр гранттық қаржы алдыңғы жылға қарағанда молырақ бөлінді. Мемлекет халықтың әлеуметтік жағдайын, тұрмыстық әл-ауқатын көтеру үшін жыл сайын аталмыш бағдарлама бойынша бөлінетін қаражат шамасын көтеруде», - дейді.

Қайтарымыз несие қандай талаптар бойынша беріледі деген сауалымызға: «Кәсіпінді бастаймын деп құлшынып тұрған атаулы әлеуметтік көмек алатындарға грант бірінші кезекте беріледі. Қайтарымсыз несие тұтынушылық мақсаттарға, яғни кредит қарыздарды өтеуге, жылжымайтын тұрағын үй сатып алу және салуға, жер учаскелерін сатып алуға берілмейді. Ең алдымен халыққа қызмет көрсететін салаға беріледі, оның ішінде наубайхана ісі, шауш, тараз, аяқ киім жөндеу, тігін және сервистік қызмет бойынша деңгелек, автокөлік жөндеу, т.б. салалар. Одан кейін мал шаруашылығымен айналысамын деушілерге беріледі.

Бастысы қазіргі нарыққа сай маңызды жоба ұсынып, сол жобаға сай коммерциялық жағынан есебін дұрыс өткізу керек».

Иә, бұл жобаны қалып жұртшылық жақсы біледі. Себебі кәсіп бастаймын деген азаматқа қайтарымыз грантпен қоса, бизнес жүргізудің курсынан оқытады.

Бизнес ашуға ниет танытқан тұрғындар өтінішті халықты жұмыспен қамту орталығына келіп бере алады. Бюджеттік салада қызмет ететін мамандар бұл жобаға қатыса алмайды. Мемлекеттік гранттар бастапқы бизнесті іске асыруды жоспарлайтын бағдарламаға қатысушыларға өтеусіз

және қайтарымыз негізде беріледі. «Кәсіпкерлікті бастау үшін ең алдымен адамның ынтыасы зор, кәсіпке деген қызығушылығы мен түрлі тәуекелдерге дайын болуы керек. Қай салада кесіп ашасыз, қаржының көлемі соған байланысты. Бізде шағын орта бизнеске аса қатты көңіл бөлініп отыр.

«Бастау Бизнес» бағдарламасының аты айтып тұрғандай кәсіпті бастауға арналған жоба. Оқу барысында жақсы жобамен кезге түскен, жобаны сәтті қорғап шыққан қатысушыларға берілетін сертификатпен қатар ары қарай 2-5 миллионға дейін қайтарымыз грант ұтып алу мүмкіндігі беріледі. Былтыр «Бастау Бизнес» бағдарламасы аясында курстан өткен кез-келген жан мемлекеттік грантқа үміткер бола алатын. Биыл барлығы өзгереді».

Р.С.

Байқағанымыздай, мемлекет кәсіп ашам деушілерге осындай ұтымды мүмкіндіктер беріп отыр. Ендігі жерде белгілі бір кәсіпке икемді немесе бизнес жоспары бар жастар осындай қолдаудың шарапатын сезініп, жұмыссыздардың санын азайтып, өңір тынысын жандандыруы қажет-ақ!

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

АУЫЛДА ҚАЛҒАН МАЛ АУЫЛДЫ ЛАСТАЙДЫ!

«Сәуір болмай, тәуір болмайды», - дейді дана халқымыз. Бұл мақал соңғы жылдары ойылдықтардың құлағына «Алтын сырға» тағып келеді-мыс. Себебі көрі құданың соңы Наурыз айының соңына дейін ұласып, шаруа баққан жандарды бей-жай қалдырған емес.

Рас, мал бағудың бейнеті көп. Алайда берекесі де жоқ емес. Қазір сақманның уақыты. Өлбетте, аудан орталығында ғана. Малдар төлдеп, түлік төлінің шуы аула-жайымызға сөн беріп-ақ тұр. Әйтсе де, қардың бауыры сөгіліп, сылпық су өлкеке салуда. Мал бағудың да ержесі бар. Нақтырақ айтсақ, малды күтіп-баптаудың ұтымды өдісін ұмыттық па? Өлде біз ата-көсіптен адастық па? Шынтуайтында олай емес сықылды. Өйткені ер өңір табиғаттың тылсым сырымен санасып, ауа райы мен бірге мал бағуға мейлінше бейімделген. Село орталығында Шопан ата төлін ертерек

төлдетіп, жер аяғы кеңі салысымен аяқтанған төлді өрісінен қалдырмауға тырысып бағады. Сондықтан аталық малды отарға күйексіз қосады. Ал, ауылдық елді мекендерде бұл өдісті қолданбайды. Тиісінше Шопан ата төлін күйекпен төлдетіп, сақман уақытын күннің шуағы мен көк көтерілген сәтке сәйкес келтіреді. «Қар кетсе де, қара жерде қардың ызғары қалады», деген ой мен жас төлге суық өтпесін өу бастан зерттеп білген.

Өңгіміміздің әлқиссасын өрі қарай жалғасақ, санаулы күндерден кейін мал өріске шығады. Осы бағытта орын алып отырған өзекті мәселенің бірі село тұрғындарының мал саны көбеюіне байланысты жайылымдық жерлердің тарылуда. Бұған дейін де айтып келе жатқанымыздай, селоға жақын маңдағы шаруа қожалықтардың жерін қайтару арқылы өрісті кеңейту мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Биыл, Ойыл селосы бойынша

төрт бағытта сиырдың күтуі шығады. Ал, ұсақ жандықтың селоға кіргізбей бағу мәселесі қоғамдық кеңесте талқыланып келеді. Қазіргі уақыт қарбаласқа толы болса да айтылған мәселелерді шешу аяқсыз қалмайды деген сенімдеміз. Өйткені «Ауылда қалған мал, ауылды ластайды». Ұсақ жандықтардың тұяғы жерді тоздырса, күтуге қосылмаған мал көшенің сенін көтіреді. Олай болмағанның өзінде егілген жасыл желектердің өсуіне кері әсерін тигізеді. Ардақты ағайын, мал бағудың да төртібі бар. Ең біріншіден ауылдың тазалығы мен малымыздың амандығы өзімізден басқаға кергі жоқ. Сондықтан, жыл санап көркейіп келе жатқан ат төбеліндей ауданымыздың тазалығына осы кезден бейқам қарамайық.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

1. Сыбағалы баға
Әдебиетке Илияс, Сәкен, Бейімбетпен қатар келіп, 1937 жылдың жалмауыз аранынан аман қалса да, зауалынан екі мәрте сотталып, азап лагері мен соғыста айып батальонында болған; қазақтың эпикалық жыр дәстүрін берік жалғаған Шөкір Әбеновтың хадистік қос өңгімесінде жазушылық өнердің киесі туралы шындық ой айтылады. «Сыбағалы бағасын біреу бере жатар», – дейді ақын. Автор атаулы елену, оқылу, әдеби кеңістікке милықтамай, ұшқан құстай



қалықтай өтуге мүдделі. Әдебиеттегі атақ-даңқ – оның жазба мұрасының жоғалмауы үшін қажет алғышарт. Шың басына жорғалап жылдан да шығады деген тәсіл жалған. Жылан стихиясы бөлек. «Тілегім де болмас еді басқа онша, / Тек бір адам мені шындап жоқтаса...» – деп келер ұрпаққа арзу айтыт жұмбақ аралдай ашылуын күтіп жатқан ерек ақын Жүмекен Нөжімеденов.

Біз жәйлі не айтар екен
кейінгілер,
Әлде бір зерттер ме екен
зейінділер,
Табылған құм астынан
құмырадай?

Есенқұл Жақыпбек. Қас жақсысын бақиға қиса да, ажалмен қоса жазуын жоғалтпау ірі халықтардың еншісене көбірек тиеді.

Өмірден өткен жазушылар үшін риясыз іздеуші болуы – өшкені жанған шырақ, басқа қайта қонған бақпен тең. Егер ол мықты талант болса, қайдан шықпасын, іздеушісін құдай құлай береді. Сондықтан сөзі құмға сіңген судай құру нағыз жазушыларға қауіп төндірмейді. Әлем әдебиетінде өлгеннен соң аты көп уақыт ұмытылып, кезеңі келгенде қайта ашылған, со замат асыл қазынадай жарқырап, суреткерлігімен баураған небір классик жазушылар бар. Герман Мелвилл, Амброз Бирс, Эдгар Аллан По, Говард Филиппс Лавкрафт есімдері қайта табылған асыл мұраны еншілейді. Бұлар неге біраз мерзім ұмытылды? – деген сауал туындайды. Өйткені, шынайы көркем әдебиетті сүйетіндер қашанда азшылық, жалпақ жұрттың суреткерлікті айқын бағалауға талғам-өресі жетпейді. Былайғы сандалма ел жетекті алтын санап адасасы, ортаңқол жазушылардың қарадүрсін желдірме дүниелерін місе тұтып, жүре беруге бар. Белинский қар салмағанда, Гогольды дер кезінде мешел орыс қоғамы тани алған жоқ. Көркем сын құдіреті, Құлагерді жазбай білген Күренбайдай қас асылды, ерді кебенек ішінен бұлжытпай таниды.

Француздың ұлы ақыны Шарль Бодлер ана тіліне аударып, есімі шарықтап Европаға жеткен соң, туған елі Америкада Эдгар Поның жұлдызы жанды. Екінші қайтара ашылу жаңа контексте оқуылым тең. Зейін күшейеді. Сөйтіп, расымен ұмыт қалудың құпиясы қоса ашылады, үстірт сын дер шағында шалағайлықпен дұрыс ұқпайды екен. Енді жазушының бағы аспандап өсе береді.

Қазақ әдебиетінде сондай мәуелі бақ Тобық Жармағамбетовке (1-2 суретте) (1934-1974) бек лайық. Тобықтың заманы енді туды. 39 жаста өмірден озған жазушыға ықылас соңғы 40 жылда бөсең тартқандай болды. Бірақ өлі арыстаннан тірі тышқанды артық санау пияғылы әдебиетке өлсе журмейді. Ол туралы Зейнолла Серікқалиев сияқты мықты сыншылар кезінде айтты. Сағат Әшімбаев: «Біздің әдебиетімізде елеусіз-ескерусіз жатқан, лөм-мим сөз болмаған роман, повесть, өңгіме, поэма, өлеңдер қаншама?! Күні кеше арамыздан кеткен талантты жазушылар Ақан Нұрманов пен Тобық Жармағамбетовтың қалдырған мұнтаздай таза мұрасы туралы жазылған көлемді, көрнекті мақаланы кім оқыды екен?», – деп жазды. («Әдебиет мүддесіне адалдық» атты мақаласынан).

2. Метафоралық проза

Абай: «Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды, / Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, /.. Дем алысы – үскірік, аяз бен қар» деп кейіптеп, көрі құда, беймаза шалға теңейтін жыл мезгілі – қыс. Тобық Жармағамбетов ежелгі халық қиялы эпикалық құлашпен қисындап, жаратылыс нышанын кісі бейнелі етіп, метафоралық тілмен жұмбақтай кескіндеген табиғи құбылысты нысан етіп дәл таңдады. «Отамалының» кереметі, жыл мезгілінің құбылмалы кезеңін, табиғат тосын құбылған, қыс пен көктем таласқан



алмағайып мезетті тұлғаландыра, нандыра суреттеуінде. Жыл он екі айда тайғақ кешу, бесқонақсыз болмайды. Жазушы қар аралас жаңбыр, көктемнің басқы салқын ауа-райының ең жайсыз жаламыр мезгілін образ арқылы суреттеуі – космогониялық портрет, оның прозалық теңдесі жоқ көркем үлгісі.

Тобықтың «Отамалы» атты өңгімесінде адамзат аңсай беретін мейірім кені жатыр. Қазақ халқының рухани болмысын еректеп тұратын жан иесіне мейірбандық, рақым, жанашырлық, биік адамшылық гуманизм – поэтикалық-мифтік өңгіменің алтын өзегі. Ақ өлеңдей өр сөйлемі көркем, екшеп алуға татидаы. Әуелгі кілтті сөз – мұз бен аңыз. Тобық Жармағамбетов дүниені құрсаған мұзды жібітер мейірімді жырлады. Оның сүйікті қаһарманы құбыжық дәу емес, кебенекті ер. «Ертеде қазақ даласын борандар мен аңыздақтар, жұт пен қасқырлар, сосын... аздаған қазақтар жайлайтын. Өр төбенің баурайында тілін жалаңдатып, жұт жортатын». Отамалы – қойшы. Жазушы жалшының қара мұрт Жапан байдың үйіне келген сәтін бейнелегенде Шықбермес Шығайбай еске түседі. Тобық аға өңгіме тініне фольклорлық негізді дәл енгізгені ғажап. Ол ноғайлы жырауларының тұяғы, психологиялық параллель арқылы жер-көкті орап суреттейді: «Намаздыгерде Отамалы етігін жамайды, байкее намазын оқиды, қарағ ұясына кіреді». Отамалы өзін мен демей, үшінші жақтан атап «Отамалы» деп жас балаша сөйлеуі тектік нышан, өңгіменің аңыз жанрында екенін экспрессивтік күшейте түседі. Кішкене кезінде бір қызым екіншісінен ойыншығын тартып алғанда, бұл менікі демей, «Макандықы» дейтін мығыздап, «Балкендікі», мына менікі дегені. Д.Ф.Күпердің прозасында ақ нәсілділер қызылтерілі атаған үндістер өздерін үшінші жақтан сөйлейтін. Бұл мінез әуелі балаға төн, сосын жабайы тұз адамны лайық аборигендік таза сананы айғақтайды. «Еділден аққан сызашық, / Біз көргенде тебінгіге жетер-жетпес су еді», – деп Шалғез жырау жырлаған бурыны есте жоқ ескі мифтік уақытты еске салады.

Бай есімі Жапан аталуы, жапан дала, жазы, айдала дегенді білдіреді. Сәкен Жүнісовтың «Жапандағы жалғыз үй» атты романының атауы қазақ кешкен патриархалдық тұрмысының моделі. Қойшы атысз болуы мифтік деталь. Соңында ала төбеті бар. Шұбат ішкен түйелі Жапан бәй жалшысына мінер бір ат тауып берері даусыз. Ол адам төрізді берілген иен дала, елсіз кеңістік. «Темірқазық, Жетіқарақшылар көріне бастаған. Олар бір жанып, бір сөніп, селк-селк етті», «Ай, Жетіқарақшының теңселуін-ай!». Жазушы ер детальды мұқият таңдайды. Жеті қат көктегі жұлдыздар жердегі есімдіктей тоңып тұрғаны Отамалының басына үйірілері, өлімге итерер дүлей зұлматты астарлайды. «Өмірден бар көргені осы ошақ, иттері, байдың үйі. Бірақ ол кең даланың етене баласы еді», «...жер танығыш еді».

«Жұлдыздарға да қиын-ау, жап-жалаңаш, – деп ойлады Отамалы бір мезет». Асанқайғы, абыз толғау. Отамалы ауылдан ұзап кеткендегі төбелерді жазушы «қара жаулық жамылып» деп суреттейді. Трагедиялық таңбаны оқушы жүрегі сезе бастауы үшін. Отамалының құла түзде май қоймын жалғыз өзі

ОТАМАЛЫ

(Эссе)

ығып, сұрапыл суыққа урынуын Тобық аға мифологиялық үлгіде берген. «...бір мыжырайған төбенің бауырынан ызғырық жел кенеттен қойлар мен Отамалыға тап берді».



Орыс халқының ірі этнографы А.Н.Афанасьев (1826-1871) «Поэтические воззрения славян на природу» атты құнды кітабында ежелгі еуразиялық тайпалардың мифологиялық дүниетанымын зерттеді. Көне қауым табиғат жаны бар, тірі деп түсінген. Бағзы пұтқа табынушылық табиғатың мылқау күшіне бас иген, өр құбылысты қастер тұтып, жеке дара Құдай деп таныған. Жер, су, от, жел, тегіс жанды, тұлғаланған, бөріне Тәңірідей табынған. Дінге сенушілікке дейінгі адамзатқа төн тұңғыш риясыз көркем дін – осы. Бұл расында, халық тудырған символдық поэзия болатын.

«Көкек айында қар ұзақ жатпайды», жазушы жер жадын білетіні, алай-түлей стихия билеген кең даласын сүйетіні шүпілдеп тұнып тұр. Жан-жануар, тірі жөндікке мейір-шапағаты адамға теңелген жазушы нағыз ізгілік иесі. Тобық Жармағамбетов қаламының құдіреті сол, жан-дүниесіндегі қазақы ұлы мейірімін боранда ыққан панасыз майға арнайды. Ол малдың үскірікке ұрынуын трагедиялық биікке көтерген. Қой еске қойды адамдай, жаңа туған қозысын нерестедей көріп, аяп, үсік ұрған сайын жаны қалмай елжіреп, құсадан егілетін кім? Отамалы. Отамалыны тірліктен Тобық емес пе! Егіліп шер жұтқан Тобықтың өзі. «Қойлардың жалынышты маңырағаны ертіп келе жатыр оны», «Ызғырық желдің өтінде кеуей шоңқиып қала берді». Қойшы көкірегі зар жыйлады, «Отамалы бүкіл денесімен селкідеп, дірлідеп кетті. Ерні кемсең-кемсең етіп, түсі бұзылып қоя берді. Қойлардың жаппай қоздайтын уақыты жеткен екен ғой. Қазір дүниеге келген жас қозыларымен бірге қатып жатыр!». Бейнөткер, адал қойшы қара басын емес, қорғаныс, кенет долданған қу далада пана таппай қырылуға айналған қайран малды ойлап жаны түршігеді, сол үшін түңіле азап шегеді. Әзіз жаны кейіп, малды жайылымға зорлықпен жіберген ашқаз байды қарайды.

Көкек айда көктеуге көмекке кеп, Көптеу жауған жаңбырға ел

Бетегеге көк қасқа қозы жайып, Көпшілік боп көп төлге

өбектеп ек, Қажытса да жүгіріс қара сан ғып, Мейірім көрсек мал-жанға

жарасарлық, Қуанамыз елжіреп:

Мекіреніп, Шаранасын жаласа мама

саулық, Сонша үзілген, не деген өзек

еді?! ...Мама саулық даусынан –

маңыраудан: «Құлдығым-ай!» – деген сөз естіледі.

(Жұматай Жақыпбаев. «Көктеудегі көріністер», патетикалық баллада).

Ермек Тұрсыновтың көрерменді бастан-аяқ шырықтырып ұстап отыратын «Шал» атты фильміндегі қасқыр қамаған қойлардың лажсыз қозылай бастауы, шалдың мейірімі Тобық Жармағамбетовтың «Отамалысын» еске түсірді. Фильм идеясы Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» атты культтік повесінен алынуды стихиямен жападан-жалғыз алысқан тағдырды, «Адам жеңеді!» идеясын анықтайды.

«Алғашқы қозыны көргенде Отамалы өзін ұмытып кетті. Бишара саулық қозысының денесін жала-

ғыштап жатыр екен. Бірақ оның да өлі жоқ. Отамалы қозыны көтеріп алды да, икемсіз қолдарымен шекпеніне енгізді». Қозы өлі тайған, жансызданған қойшы қолынан сусып түсіп, көбік қарға тұншығып өлді, терең қардан аршып, арасалай алмай қалды. Ол қой жаппай қозылай бастағанда сұмдық қатты қиналады. Отамалы, халық «бесқонақ» атайтын мезгіл – көктемгі мал төлдейтін уақытқа дәл келеді. Мұндай зарды ешкімнің басына бермесін. Өлген мұз қозысын жалаған саулық. «Отамалының жүрегі қарс айрылды». Есі шыққан қойшы боран, жел, табиғат құбылысына айбат шегеді, Тәңіріге нала айтады. «–О, тәңірі! Не істегенің? Не қылғаның? Көкек айы, сенің айдарың жұлыңсын!» деген Отамалының күйініші көркем кейіптеу. Айнала қас өлім. Оның бешпентін шешіп, лақтыра салуы өлімге мойынсұнғаны. Басындағы тымағын жел ұшырды. Есі кетіп, етіксіз, шұлғауы шешіліп, төні бір қар, бір мұз болып қайғылана асып барады.

«Аспан іріп кеткен», «...құстар ұшуын, кесіртке жорғалауын, өзен ағуын қояды». Автордың шеберлігі қиямет-қайымды еске түсіреді, тозақты бейнелеуде алдына жан салмайтын католик классик ақындар болатын.

Табиғат құбылуын суреттегенде жазушы «...су өгіздің ырыңарғанындай дыбыстарға толып кетеді», «Суық жел мыңдаған жылдарға айналып барады» деп мифологиялық қанық бояумен беруі құнарлы.

Дукенбай Досжанның аптап құмда қой баққан, құлдан бетер қиналған «Аборигенді». Жұмабай Шаштайұлының «Қызыл қар» атты повесінде қой бағудың аласапыран қиыншылығы, қойшының бейнеткер тірлігі. Қазақ рухын қорғап, ұлт мұңын ашына жазған.

Қойшының жан тәсілім етер сөсі, ол – Отамалының таусылар түсі, Құдай айдап өкелгендей құлпытасқа тап келуі. Өлерінде ол өзінің ұшып келе жатқан қазаны мен ошағын көреді. Астындағы жанған отымен бірге. Отамалы аруаққа айналды. Дүниеғайып. Қыс жеңілді, жазғытұрым келді. Отамалы өтті. Ол Снегурочка сияқты жылылықпен еріп кетті. Мифтанушы Александр Николаевич Афанасьев ақындар, абыздар, балгерлер табиғаттың сан алуан құбылысын түсіндірушілер болып табылады деп таниды.

Жазушының мейір тұнған жүрегі аңызды былай аяқтайды: «Күн қайта шығып, қарларды өп-сәтте ерітіп жіберген. Қойлар баурайда өскен қығалдақтарға қозыларын жайып, кең даланың төсінде мәңгі-бақи қалып қойыпты.

Оларды қас-қырдан ит қорғапты».

Қиялдың құсы егіліп, Іштерге дертті айдасын. Бернеяз Күлеевтің «Жырла да зарла, көңілім» атты өлеңінен қас жол мынау танымдық аңыз өңгіменің тұп сарынын ашуға септігі тиер.

Қазіргі қазақ санасында Тобық Жармағамбетов өңгімесінің алтын шауғындай төгілген шынайы мейірім азыайп, сарқылып барады. Бабалар орнында бар оңалар десе, ізгілікке сенімді. Отан мейірден өседі. Түрікмен ақалтекесін қызығшатай қориды. Қазақ тілімен жылқыны сүйеміз дейді, бірақ кейбіреулер өсіре пайда қуып, бұл жануардың тұқымын мөлшерден артық сойып сатқыш қасапшыға айналды. Малды Құдай адам несібесі үшін жаратты, сөйткенмен шектен тыс пышаққа қия беру – обал. Мұның бөрі аураға, елдікке теріс әсер етері айлан анық.

Әбубәкір Қайранның «Түйелер трагедиясы» атты ыза жыры бар. Малдың кісінен қоғамына бағынышты кейінгі мәңгүрт қазақтың қорықпайтын болғаны; өз көрін өзі қазған нақұрыстай, обырдай арзаны ашылған ет комбинатына өткізу үшін ауылдағы түйе жануарды обал жасап, техникамен соғып өлтіргені туралы.

Қамаудағы текті түлік, киелі, Мойындарын көкке қарап иеді. Құлап жатыр бірінен соң біреуі, Елестетсем, ішім от боп күйеді! ...Бұғауланған түйелерді

сонан соң, Дырылдатып «ДТ»-менен сүйретті.

Бар еді ағам түйе баққан жасынан

«Тоқтат, көне, сұмдықты!» деп сол ағам, Мылтық атты директордың

басынан. Әбубәкір ақын өмір бойы түйе баққан екесі қайтыс болған соң,

3000 бас түйе түлігінің құрып кеткенімен өлеңін аяқтады. Төрт түлік мал басы елде күрт азайып кеткені осы тектес кесірлік зардабы. Құнарлы шұбаттан айырылу, ұлттық құндылықтарды ата түлік малмен қоса жоғалту.

3. «Отамалы» ұғымы
Отамалы. Көктемнің бас кезіндегі ауа-райының ең жайсыз мерзімі. «Біздің қазақ Айды да білмейді, жұлдызды да білмейді, жылды тоқсан болғанда: «Жер мұз» – дейді. Отамалы, сәуірде қой қоздайды. Қыс болып, суық болса, ақпан мен қаңтар дейді». (Мәшһүр Жүсіп, 4 том, 5-бет). И.В.Гетенің «Айнымас Эккарт» (1813) атты балладасы скандинав фольклорынан қарызға алынған сюжет. Эккарт эпос кейіпкері, адамдарға боран басталарын алдын ала ескертетін мейірбан шал. Ол «Борандағы жиһанкез жыры» атты ода (1771) жазған. Геттеде боранда қаза тапқан Леандр есімді ғашық жарға арнаған өлең бар, сүйгені Геро суға кетіп өледі.

«Совсем не вернется, скрылась, / Быть может, в чужие края./ Идите, овечки, идите./ Томится душа моя». («Бақташының шағым жыры»). Орыс тіршілігінде Отамалыға ұқсас ұғым – «Падера», ол қүйіндай соққан қарлы-жаңбыр араласқан боран. «Падера – буря с вихрем, дождем, снегом». (Словарь областных и устаревших слов по А.П.Чаплыгину).

Игорь Золотусский «Гоголь» атты мақаласында Николай Васильевич Гогольдың нағашы атасы Иван Матвеевич Косяровский туралы былай деп жазады: «Бірде бурқасын боранда ол бір күн, бір түн иесіз ашық далада аязда қалып қояды. Оны тауып алғанда есін білмейді, ал көзінде мұз болады. Оның бір көзі, Мария Ивановна жазғанындай, «өлді». Қызы өкесінің көзін суық сорып семді, соқыр қылды дегені ғой.

Лев Николаевич Гумилев есте жоқ ескі заманғы Ұлы Даланы суреттейді. Бағзыда аң-құсы өріп жүрген кең далаға еріген мұздықтан өзендер сарқырай ақты, қазан-шұңқырларда көлдер пайда болды, циклондар шығысқа лап қойды, жаңбыр мен қар төлеп тастаған соң, жазықта ормандар өсіп шықты дейді. Демек, Отамалы құбылысы Ұлы Даланың негізі жаратылысында болған ғой.

«Жылдың бас айы – Отамалы болып саналған. Мерзімі жағынан қазіргі май айына сәйкес келеді. Бұл атаудың төркіні түркі тілдердің барлығында дерлік кездесетін «от», яғни шөп деген мағынаны білдіреді. Әдетте, Отамалы айында көк қауалы шығып, әжептәуір көтеріліп қалады. Ай есебінің рет тәртібін саралайтын деректердің бірін Шоқан Уәлихановтан кездестіреміз: 1.Отамалы (март), 2. саратан (апрель), көкек (май)...».

Жер жұтуға тоймайды; От отынға тоймайды; Құлақ естуге тоймайды; Кісі ойға тоймайды; Бөрі қойға тоймайды.

«Сәуір санды қыс, отамалы ойылған қыс (отамал да сәуірде болады), үркерлі айдың бөрі қыс. Саратан-зауза сенен де қорқам» дейді екен бұрынғылар. Шалдар айтады екен, заузада желіде байлаулы құлын қырылған, енесі ығып кеткен, шай қайнатым уақыт жаңбырлы, желді бұршақ қар жауып, күн ысытып осындай оқиға болған деп. Сол сәтте түс қайта күн қайта жылынып, өлген малдың терісін алуға үлгермей, шіріп, иістеніп кеткен деп... зауза, саратан деген осы айда ұшатын кішілеу сары қоңыздың аты». (Үркімбай Қыдыралин, «Батыс Қазақстан қазақтарының өдет-ғұрып аймақтық ерекшеліктері»).

Сатирик-жазушы Табыл Құлияс: «Отамалы негізінен батыс өңірінде болады. Үш-төрт облысына төн құбылыс. Отамалы өтпей малшылар сақтығын жоғалтпайды. Бұл қыс пен көктемнің алмасу кезеңі». Ота. Қырып-жою, жоқ қылу, құрту. Оталумен түбірі бір.

Отамалы туралы ғылыми болжам Байбота Серікбайұлы Қошым, Ноғайдың тілдік таным кітабында айқын берілген. «Мұхтар Өуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында халықтық этимологияға түсінік: «Жазғасалымның ең жайсыз кезін өнеукүні әжесі «отамалы» деп атап еді.

–Осы «отамалы» өлгенме? Не деген сөз өзі? – Абай соны сұрады.

– Отамалы көкек айының он бірінде кіріп, он жетісінде шығады. Желсіз, борансыз өтпейді. Қыстың ең соңғы зәрі сонда. Отамалы деп атанғаны – бір байдың Отамалы деген қойшысы болған екен. Сол пақыр күн қайырады екен-ау! Көкектің суығы басталған уақытта, өлгі, қойды жайылысқа шығарайық, боран болады. Қойдың қыстан титықтап шыққан кезі, малыңнан айырыласың десе, байы бір діні қатты көпір екен. Сен тоғышарлық қылып алдап отырсың деп, Отамалыны сабап-сабап, қойды жайылысқа шығартады. Сол күні, құдай көрсетпесін, бір қатты боран басталып, тақ үш күн, үш түн соғып,

бар қой ығып кетіп қырылыпты да, қойдан қалмайын деп, Отамалы пақыр да үсіп өліпті. Көкектің суығы – «отамалы» атанғаны содан дейді. Әжең пақыр соны біледі ғой, – Қарабас».

Академик І.Кеңесбаев құрастырған Сөздіктегі қосымшаларда белгілі ғалым Құлмат Өмірәлиев былай деп жазады: «Қазақта ай аттары Қазақстанның әр жерінде өртүрлі аталады. Егер Шоқан Уәлиханов жазып алған деректе Наурызым – февраль, Отамалы – март, Шаршатамыз – июль айы болып келсе, бір жерлерде (Қазақстанның шығысында, оңтүстігі мен батысында) айдың Қыркүйек аты аталмай, оның орнына Мизам (Мизан) ай аты (зодиак жұлдызы аты) айтылады. Хут (не Үт) айын Қазақстанда шығысында Бірдің аты, ал Хамал айын Көкек деп атайды».

Араб тіліндегі (Хұт) – Балық, ал «Хамал» – Тоқты зодиак шоқжұлдыздарының атаулары біздің ана тілімізде ақпан және наурыз айларының аты ретінде де қолданылған екен. Біздіңше, «Отамалы» атауының пайда болуына деп осы екі атау себепкер болған секілді. Ерте кезеңдерде «хұт»(ақпан) және «хамал»(наурыз) ай аттарының қосарлана қатар аталуы себепті әуелгі кезде «хұт+хамал» аталып, кейінірек «ұт+амал» дыбыстық құрамында жүріп, тілімізде «отамалы» сөзі қалыптасқан деп жорамалдауға болады. Осы екі атаудан пайда болған «отамалы» бастапқыда қыс пен көктем арасында өлара кезеңді бейнелеген де болуы мүмкін. Соңыра ол жылдың осы мерзіміне сай келетін амал атауына айналған деп түсінудің орайы бар». (Байбота Серікбайұлы Қошым-Ноғай. «Тіл ұшындағы тарих»).

Небесный свод, горящий славою звездной,
Таинственно глядит из глубины,
– И мы плывем, пылающей бездной
Со всех сторон окружены.

Федор Тютчев – орыстың ең тұңғыш философ ақыны, екі дүние лебін сезінетіндей, табиғаттың иррациональды соқыр стихиялық құдіретін түйсікпен біліп, жаны тітіркенердей жырлаған. Болмыс хаос екенін, меңіреу, мылқау, адамды бұырқанған дауылды теңіздегі жаңқа құрлы көрмей, шыбын жанын шырқыратып жан-шыл жіберетін дүлейлігін дәл Тютчевтей сұмдық сезінген ақын сирек. Тобық Жармағамбетов жазмысқа бағынбай, соңғы деңгейі қалғанша алысқан адам образын асқан мейіріммен, жанашырлықпен тебірене суреттеуі тютчевтік сарындағы күңіренуге ұқсас. Стихиялық орасан зор күшті Мағжан «Қара түн, оның зорлығы» нышанда жырға қосты.

Тобық Жармағамбетов аңыз-өңгімесінде қой-ешкіні қазақ халқының төл түлігі, мал баққан халықтың өмір салты ретінде таңдап алды.

Қой – от, күн қуатын, ерлік, қырсықтықты туспалдайтын маңызды символдың бірі. Қой басты Амон құдайдың құрметіне Ирданияның астанасы Амман аталған; қошқар мүйіз құдайлық белгі саналған. Көбінесе қой құрбанға шалатын мал ретінде жиі пайдаланылған.

Құрбан айтта қошқар шалады. Құрбандыққа адамдар шалынған сұрапыл замандардың құруын, дін оған ресми тыйым салуын тұспалдайды. Қойдың момындығын нышан ретінде діндерде тұспалдады. Алтын жабағы – гректе иен дәулеттің белгісі.

«ҚОШҚАР. 1. Орта жүз арғын тайпасының құрамында қошқар руы бар. 2. Орта жүздегі қыпшақ тайпасы құрамында қошқар руы бар. 3. Мағжарстандағы қыпшақтардың құрамында қошқар (кочкар) руы бар» (Ақселеу Сейдімбек. «Қазақтың ауызша тарихы»). Қазақ шежіресінде еркек қой қошқар мен ешкі баласы теке тайпалық атауға ие екені білінді. Оның дәстүрлік, ғұрыптық астары болмаса атамас еді.

Қой баласына сүйіспеншілік Табыл Құлиястың «Жиембет» атты кітабында бар: «Қой аз туады. Өзі қоңыр, өзі момын келеді. Тез көбейеді. Бірі-бірі жатырқамайды. Бірінің қозысын бірі емізіп ала береді. Өскесін екі төбенің аржаны шығып кетсе де маңырасып, бірінің бірі жоқтап жатады. Отар, отар қаптап келе жатса да бірінің жүздығын ең сыңылды аузынан жулып жеп, өлім жеттік етпейді. Алдындағы бұйырғанына қанағат етеді. Тойғанын біледі.Семіздігін де көтереді. Қазақта «Семіздікті қой ғана көтереді» деген мақал содан қалған. Өттен, бір қой пышаққа кілгес екіншісі де өлгісі кеп тұрады. Бір тамырдан тараған шөпті бөліп жейді. Қызғанышы жоқ. Аштыққа душар болса, бөрі бірдей азартты тартады. Маңырағаны да бір-сарындылықты танытады».

Айгүл КЕМЕ

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2022 ЖЫЛДЫҢ ІІ - ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.А.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы өкімінің аппараты	Қазыбаев Асқар Қайырғалиұлы, аудан өкімі	Сәуір айының – 7, 14, 21 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы өкімдігінің ғимараты	2-12-23
		Мамыр – 6, 13, 20 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Маусым – 3, 10, 17, 24 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

2022 ЖЫЛДЫҢ ІІ - ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АУДАН ӘКІМІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.А.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы өкімінің аппараты	Сүлейменов Саян Сапарұлы, аудан өкімінің орынбасары	Сәуір – 5, 12, 19, 26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы өкімдігінің ғимараты	2-12-23
		Мамыр – 3, 17, 24 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Маусым – 7, 14, 21, 28 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Айдарбаев Мұратбай Болатұлы, аудан өкімінің орынбасары.	Сәуір –6, 13, 20, 27 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Мамыр –4, 11, 18, 25 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Маусым –8, 15, 22 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Тлепов Ербол Мырзабайұлы, аудан өкімі аппаратының басшысы	Сәуір - 8, 15, 22 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Мамыр–5, 12, 19, 26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Маусым–2, 9, 16 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2022 ЖЫЛДЫҢ ІІ ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә.,лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
Саралжын ауылдық округі	М.Тажиғалиев округ өкімі	Сәуір 7,14,21,28 Мамыр 4,11,18,25 Маусым 2,9,16,23,30 Уақыты сағ.: 9:00 ден -12:00 ға дейін	Ботакөз көшесі – 2 № 12	74 – 001

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі өкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 74-001, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жөшік орнатылған.

2022 ЖЫЛДЫҢ ІІ ТОҚСАНЫНА КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә.,лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
Көптоғай ауылдық округі	Асылбаев Ерлан Базарбаевич Көптоғай ауылдық округінің өкімі	Сәуір 7,14,21,28 Мамыр 6,13,20,27 Мамыр 1,8,15,22,29 Маусым Уақыты: Сағат: 9.00- 12.00	Көптоғай ауылы, Достық көшесі №6	74-5-23

2022 ЖЫЛДЫҢ ІІ - ТОҚСАНЫНА ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә.,лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қараой ауылдық округі өкімінің аппараты» ММ	Сұлтанов Айбек Өтегенұлы, округ өкімі	Әр аптаның бейсенбі күні. Уақыты: Сағат: 10:00 – 12:30	Еңбеккерлер көшесі, №6	8-(71-332)-73-6-01

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Мекеме қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда «Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі өкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі **8-71-332-73-6-01 сенім телефонына** хабарласуына болады. Мекемеде ұсыныс – пікір, арыз-шағымдарға арналған жөшік орнатылған.

2022 ЖЫЛДЫҢ ІІ ТОҚСАНЫНА Ш. БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә.,лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ өкімінің аппараты» ММ	Избасов Адилбек Жансерикович Округ өкімі	7, 14, 21, 28 сәуір 5, 12, 19, 26 мамыр 2, 9, 23, 30 маусым Уақыты: сағ. -10:00 ден -12:00 ге дейін	Қаратай ауылы, Сүлеймен өулие көшесі №12	73-2-62 bersiev_79@mail.ru

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ өкімінің аппараты» ММ-сының сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. **Сенім телефоны 37 – 5 – 34** нөмірінде орнатылған. Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс – пікір салу үшін жөшік орнатылған.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Құрметті Ойыл, Ақшатау, Қаракемер, Екпетал ауылының тұрғындары!

2022 жылдың 28 сәуір күні сағат 15.00-де Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылы Көкжар көшесі № 69 мекен-жайында орналасқан кенсе ғимаратында Ойыл ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиыны өтеді.

Күн тәртібіндегі мәселе:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24 ақпан 2014 жылғы № 138 «Әкімшілік – аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидасын» және «Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы» заңдарына сүйене отырып **Ақшатау, Қаракемер. Екпетал ауылдарының көше атауларына өзгеріс беру туралы қоғамдық тыңдалым өтеді.**

«Ойыл ауылдық округі өкімінің аппараты» ММ

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Құрметті Саралжын, Ақкемер, Бестамақ, Шиқұдық ауылының тұрғындары!

2022 жылдың 28 сәуір күні сағат 15⁰⁰ –де Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылы Бейбітшілік көшесі №15 мекенжайында орналасқан Саралжын ауылдық клубының ғимаратында Саралжын ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиыны өтеді.

Күн тәртібіндегі мәселе:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24 ақпандағы 2014 жылғы № 138 «Әкімшілік – аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидасын» және «Қазақстан Республикасының өкімшілік-аумақтық құрылыс туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы» заңдарына сүйене отырып **Саралжын, Ақкемер, Бестамақ, Шиқұдық ауылдарының көше атауларына өзгеріс беру туралы қоғамдық тыңдалым өтеді.**

« Саралжын ауылдық округі өкімінің аппараты» ММ

ӨРТЕНБЕСІН ОРМАНЫҢ, ОРМАН СЕНІҢ ҚОРҒАНЫҢ!



Орман — жалпы адамзат үшін ерекше маңызы бар байлық.

Сұлу табиғатымыздың адам өміріне берер пайдасы аса зор.

Көктем-жаз айларында орман-тоғайдағы өрт қауіпсіздігінің алдын алу мақсатындағы орман ережелері мен заңдылықтарына бағыну - жалпыхалықтық іс. Жасыратыны жоқ, орман өрттерінің көбі орманда демалушылар әрекетінен және шөп шабу науқаны кезіндегі техника иелерінің жауапсыздығынан орын алады.

Демалыс аумағына барған тұрғындарға ұқыптылық, сақтық, жауапкершілік қажет екені айтпасақ та түсінікті. Өрт қауіпсіздігі ережелерін, орман заңдылықтары туралы бильборд, белгілерге де ерекше назар аудару қажет.

«Өрт - тілсіз жау», айтып келмейтін апат екенін ескерсек, сақтық пен алдын алу шараларына көңіл қойған жөн.

Сол себепті табиғат берген байлықты сақтап, орман қорын қорғау, өсімін молайту үшін көпшілік болып атсалысуымыз керек.

Орман - тоғай өрттері орын алған жағдайда 101, 73-1-74, 8-778-509-20-45 телефон номерлеріне хабарласу керектігін ескертеміз.

Ербол РЗИН,

Ойыл орман шаруашылығы КММ—сінің ОӨСС бастығы.

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ

2022 жылдан бастап қазақстандық мемлекеттік қызметшілер, оларға теңестірілгендер мен олардың жұбайлары (зайыбы) кірістері мен мүлкі туралы 270.00 нысанды декларацияны ұсынады. Осыған дейін, жалпыға бірдей декларациялаудың бірінші кезеңі аясында аталған тұлғалар активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны тапсырған болатын. Бұл туралы ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінде хабарлады.

Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияның нысаны мен оны толтыру қағидалары Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылдың 13 қыркүйегіндегі № 927 бұйрығымен бекітілді.

Кірістері мен мүлкі туралы декларацияда жеке тұлғалар күнтізбелік жыл ішінде алынған кірістері туралы (оның ішінде елімізден тыс жерлерде алған кірістері де бар), сондай-ақ мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мүлкіті сатып алғаны немесе иеліктен шығарғаны туралы (оның ішінде елімізден тыс жерлердегі мүлік те бар) ақпаратты көрсетуі тиіс.

Бұдан басқа, декларацияда жеке тұлғалар есепті салық кезеңі ішінде:
- жылжымайтын мүлкіті (пәтер, үй, жер учаскесі және т.б.);
- механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін (автокөлік, тіркеме және т.б.);

- заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесін;
- бағалы қағаздарды (акциялар, облигациялар, вексельдер және т.б.);
- инвестициялық алтынды;

- туынды қаржы құралдарын;
- тұрғын үй құрылысына қатысу үлесін сатып алуға жұмсаған шығын туралын растап, мөліметтерді көрсетуі қажет.

Декларация жеке тұлғаның тұрғылықты (тұратын) жері бойынша ұсынылады.

Жалпыға бірдей декларациялаудың бірінші кезеңінің активтер мен міндеттемелер туралы декларациясын (250.00-нысаны) табыс еткен азаматтар үшін кірістері мен мүлкі туралы декларацияны табыс ету мерзімі:

- қағаз түрінде 2022 жылдың 15 шілдесінен кешіктірмей;
- электронды түрде 2022 жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірмей.

Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

ТУБЕРКУЛЕЗ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУ КЕРЕК?



Туберкулез – ежелгі жұқпалы аурулардың бірі.

Роберт Кох 1882 жылы туберкулез қоздырғышын ашты және бұл жұқпалы ауру екенін дәлелдеді. XX ғасырға дейін туберкулез іс жүзінде емделмейтін болған. Туберкулез өлемдегі ең көп таралған инфекциялардың бірі. Микроскоп астындағы туберкулез микробы қатты ұлғайған кезде кішкентай таяқша тәріздес болып көрінеді, сондықтан туберкулез таяқшасы деп аталды.

Туберкулез дегеніміз не?

Туберкулез – бұл өкпе және лимфа түйіндерде ерекше қабыну өзгерістерінің пайда болуымен сипатталатын жұқпалы ауру. Туберкулез - бұл тек өкпе ауруы ғана емес, сонымен қатар адамның барлық ағзаларының - сүйектердің, бүйректердің, мидың және ми қабықтарының, терінің, көздің және басқа ағзалардың да зақымдануы. Алайда, өкпе туберкулезі жиі кездеседі. Жұқтырудың негізгі көзі – туберкулездің ашық түрімен ауыратын, яғни сыртқы ортаға микробактерияны бөлетін адам.

Туберкулез қалайша тарайды?

Туберкулез адамнан адамға ауамен таралады. Жетелгенде, түшкіргенде немесе қақырғанда өкпе туберкулезі бар адамдар ауаға туберкулез бактерияларын жаяды. Жұқтыру үшін адамға осындай бактериялардың аз ғана мөлшерін демалуы жеткілікті. Туберкулез қоздырғышының сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталу қабілеті бар, мысалы, микробактериялар тозаңданған, көгерген үй-жайларда адам үшін қауіпті болып қала отырып, жылдар бойы өмір сүруге қабілетті. Науқас адам жетелгенде қақырықпен бірге, түшкіру, сөйлеген кезде қоршаған ортаға 2-6 м радиуста ауада таралатын миллиондаған микробактерияларды бөледі, олар еденге, заттарға шаңмен бірге тұнады және көптеген жылдар бойы өміршең болып қалуы мүмкін.

Туберкулез ауруына тек адамдар ғана емес, сонымен қатар малдар да шалдығады: сиыр, ешкі, бұғы, түілер. Ауру жануардың сүті, немесе еті адам үшін жұқтыру көзі болуым үміін.

Науқас өмір сүретін жерде санитариялық жағдайлар мен сақтық шараларын сақтау өте маңызды.

Егер өкпе туберкулезімен ауыратын науқас барлық гигиеналық талаптарды сақтаса, онда ол айналадағыларға қауіпсіз. Өкпе туберкулезі тұқым қуаламайды. Туберкулез ауруымен ауыратын ата-аналардың балалары сау болып туады. Алайда, барлық сақтық шараларын сақтамаған жағдайда бала туберкулезді жұқтырып, ауырып қалуы мүмкін.

Туберкулез микробактериялары адам ағзасына түскен кезде ауру жұқтырылады, бірақ туберкулез ауруының дамуы өр жағдайда болмайды. Өкпе туберкулезінің ауруы иммунитет төмендеген, жеткіліксіз тамақтану, қанағаттанарлықсыз санитариялық-гигиеналық жағдайларда орын алады. Негізінен иммунитеті нашар жас балалар, жыныстық жетілу кезеңіндегі жасөспірімдер және иммунитеті төмен қарт адамдар ауырады.

Туберкулез ауруына ықпал ететін

факторлар

- Толыққанды тамақтанудың болмауы.
- Туберкулезбен ауыратындармен тығыз, ұзақ қарым-қатынас жасау (кішкентай балаларға қысқа мерзімді қарым-қатынастың өзі жеткілікті).
- Маскүнемдік.
- Темекі шегу.
- Нашақорлық.
- Ілеспе аурулардың болуы (диабет, асқазан жарасы, өкпенің созылмалы аурулары).

Туберкулез белгілері?

- Ұзақтығы екі аптадан асатын жөтел

- Шаршау және әлсіздік
- Дене салмағының төмендеуі
- Температураның ұзақ көтерілуі
- Түнде тершендік
- Кеуде қуысындағы ауырсыну
- Қан түкіру

Туберкулезді қалай анықтауға болады?

- Тері туберкулин сынамасы (Манту) адамның жұқтырғанын көрсетеді.
- Рентгенологиялық тексеру (флюорография) өкпенің зақымданғанын көрсетеді.

- Қақырықты зерттеу жөтел кезінде бөлінетін микробтардың бар-жоғын анықтайды.

Туберкулездің алдын-алу шаралары

- Салауатты өмір салты. Бұл мақсатқа жету үшін ең жақсы жолы – күн тәртібін құру және ағзаны шынықтыру.
- Таза ауада серуендеу, күн және су процедуралары, дене шынықтырумен айналысу, демалыс пен еңбек жүктемесінің дұрыс үйлесімі, толыққанды, дөрумендерге бай тамақтану, жеткілікті және уақтылы ұйқы, яғни дұрыс гигиеналық тәртіп адам ағзасының нығаюына ықпал етеді және оны туберкулез ауруынан қорғайды.

- Жыл мезгіліне қарамастан, таза ауада мүмкіндігінше көбірек болу қажет, өйткені таза ауа ағзаға жақсы әсер етеді және шынығудың тамаша жолы болып табылады.

- Жеке гигиена ережелерін сақтау: жуу құралдарын және ағынды суды пайдалана отырып, қолды, ыдыстарды жуу, тұрғын үй-жайларды ылғалды жинау және желдету, ет пен сүтті міндетті термалық өңдеу, жеке гигиеналық құралдар мен ыдыстарды пайдалану, су процедуралары — сүртину, құю, душ.

- Жетел этикетін сақтау

- Гигиеналық тәртіптің маңызды бөлімі дұрыс тамақтану болып табылады. Адам тәбетінің жоғарылауына ықпал ететін және ағзамен жақсы сіңіретін түрлі тағамдарды жеу керек. Тағам құрамына ақуыздар, майлар мен көмірсулардан басқа, міндетті түрде витаминдер мен минералды тұздар кіруі тиіс. Ақуыздар ет, сүт, сүзбе, жұмыртқада болады; көмір-сулар -қант, нан, картоп, жармада. Витаминдер мен минералды тұздар негізінен жаңа піскен көкөністер мен жемістерде болады.

- Туған кезде БЦЖ-мен міндетті түрде вакцинациялау және 6-7 жаста қайта вакцинациялау.

- Туберкулезді дер кезінде диагностикалау.

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл ауданы, Бисенғалиев Абай Алексейұлы (01.04.1972 ж – 17.10.2012 ж)

Өмірдің жолы күрделі, өрі бұралан. Жаратушымыз оны ақ-қарадан құраған. Қарасына пенде қамығып, кейде қан жылап, Тағдыр талқысына еріксіз көніп шыдаған. Сондаймыз біз де, ерте кеттің, құлыным, Ішімізге толды уайым, зарлы қайғы-мұң. Азамат едің, сыйлы жүрген ортасына, Хабарыңды естіген қалып еді ел тосыла... Кенеттен кеттің, сарылап болып санамыз, Ойласақ іштей қайғыдан күйіп-жанамыз. Өткенді ойлап, келешектен үміт қып, Бізде жүрміз жеткеннен шамамыз, Тоғыз жыл өтті, бейнелі балам, сағындық. Алладан сұрап қайырын, жақсылығына жалындық. Алдың пейіш, артың нұр, шапағатың тисін деп, Дұға қылып өзіңе, тағдырға біз де бағындық. *Сағынышпен еске алушылар: Әкесі, анасы, бауырлары, зайыбы, балалары.*

Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы Ойыл қазақ орта мектебінің мұғалімі Нұршана Айдана Жәнібекқызына **атасы Ғалымның** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1645 дана. Тапсырыс №375 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

ҚАДІРІ МЕН ҚАСИЕТІ МОЛ РАМАЗАН АЙЫ!



Барша ғаламды жоқтан бар қылушы, бізге ризық-несібімізді беруші, нығметтерін ең ұлысы Ислам, иман нығметтерін нәсіп қылушы және бізді мұсылмандардан етіп жаратқан Алла Тағалаға сансыз мақтаулар мен мадақтар болсын! Жаратушы Иеміздің соңғы елшісі, сүйікті Пайғамбарымыз Мұхаммадқа (с.ғ.с.), оның отбасына, сахабаларына және соларға қияметке дейін ізгілікте ерген әрбір момын мұсылманға Алла Тағаланың салауаты мен сәлемдері болғай!

Мұсылман қауымы үшін жылдың ең қасиетті әрі ерекше айы – Рамазан айы. Биылғы жылы Рамазан айы сәуірдің 2-нен бастау алады. Жыл сайын асыға күткен қасиетті Рамазан айына жеткенімізге Алла Тағалаға сансыз шүкірлер болсын! Барша мұсылман бауырларды Рамазан айының келуімен құттықтаймын!

Рамазан айы барлық айлардың сұлтаны. Басқа айлармен салыстыра қарағанда Рамазан айында мүмкіндерге ерекше мол сауап беріледі. Бұл айда ораза ұстаған адам жаны мен тәні тазаруы үшін жаман істер жасаудан тиылуы қажет. Пайғамбарымыз да (с.ғ.с.): «Рамазан келгенде жұмақтың қақпалары ашылып, тозақтың қақпалары жабылады әрі шайтан атаулының бөрі кісенделеді» - деген (Имам Бухари).

Ұлы ғұлама ғалым Хафиз ибн Раджаб: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өзінің сүйікті сахабаларын Рамазан айының келуімен құттықтайтын»-деген. Бұдан байқайтынмыз адамдардың бір-бірін Рамазан айының келуімен құттықтау, шариғатымызда құпталған амал екендігіне негіз болмақ, Салман Фариси атты сахаба (р.ғ.) былай дейді: «Алла Елшісі (с.ғ.с.) Шағбан айының соңғы күндерінде айтқан құтбасында бізге былай деді: «Ей, адамдар, ұлы және қасиетті ай жақындады, төбелеріңе көлеңкесі түсті. Бұл айда мың алдан да қайырлы Қадір түні бар. Алла сол қасиетті айдың күндізінде оразаны парыз қылды, түндерінде нәпіл намазын заңды қылды. Бұл айда үлкенді-кішілі жақсылық жасаған адам басқа айларда қар парызды орындағандай сауап алады. Бұл айда бір парыздың орындауы – басқа айлардағы жетпіс парыз болып есептеледі. Бұл ай – Алла үшін аштық пен шөлдің, құлшылық пен тағаттың машаққаттарына сабыр мен

төзімділіктің айы. Сабырдың қайтарымы – жұмақ. Бұл ай – жәрдемдесу айы. Бұл ай – мүміндердің ризығын арттыратын ай. Бұл айда кім ораза тұтқан мүмінге аузын ашатын бір нәрсе беретін болса, жасаған бұл ісі күнеларының кешірілуіне және тозақтан құтылауына себеп болады. Ораза тұтқан адамның сауабы азымастан соның алатындай сауабына ие болады», - деді.

Ие, осындай нығметтер жасырынған айдың қадірін біліп, әрбір сөтінен құр қалмау үшін мүмін барын салады. Сондықтан да Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Егер адам баласы рамазан айының не екенін лайықты түрде түсіне білсе, бір жылдың бастан-аяқ Рамазан болуын қалар еді», - деген.

Бұл ай жылына бір рет келетін зор мүмкіндік. Сондықтан ғибадат айында ерекше рухани күйде іс-амалдарды електен өткізіп, иманды жаңартуға, ізгілік істер арқылы жүректі жұмсартуға тырысу қажет. Ал осы бір мүмкіндікті көздеге жарата алмау нағыз нем-құрайлылықты білдіреді.

Исламның бес парызының бірі – Рамазан айында ораза тұту. Сондықтан да дінімізде оған ерекше мән беріледі. Себебі, ол сенімнің бір бөлігін құрайды. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Ораза – шыдамның жартысы, ал шыдам – сенімнің жартысы» - деген. Оразаны басқа ешқандай құлшылықтармен салыстыруға болмайды. Өйткені, Алла Тағала пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.): «Адамның барлық жақсы, хайырлы істерін Алла он есе, тіпті одан да жоғары бағалайды. Бірақ ораза не үшін тұтылған болса, сол үшін сауабын, сыяын молынан беремін» - деп айтқаны белгілі. Сондықтан ораза қарсаңында алғаш ауыз бекіткісі келетін бауырларымызға тағы да Алла Тағаланың осы бір үкімін естеріне сала кеткім келеді.

Алла Тағала оразаны бұрын өткен Пайғамбарлардың (ғ.с.) қауымдарына парыз еткеніндей, пайғамбарымыз Мұхамматтың (с.ғ.с.) да үмбетіне, яғни біздерге де рамазан айында 30 күн ораза ұстауды парыз етті. Бұған байланысты Құран Кәрімде былай делінген:

«Ей, иман келтіргендер! Өздеріңнен бұрынғыларға ораза ұстау міндет етілгендей, сендерге де ораза тұту парыз етіледі. Мүмкін тақуалыққа қол жеткізерсіңдер» (Бақара сүресі, 183 аят).

Рамазан айының артықшылықтары

1. Рамазан – сынақ айы. Адам баласы бұл айда өз нәпсіні тыйып, жаман нәрседен, яғни ғайбат сөйлеуден, ауыр күнә жасаудан, жала жабудан аулақ болып, жақсы нәрселерге, яғни өзін сабырлыққа, шыдамдылыққа, тақуалыққа тәрбиелеуі керек. Ораза адам баласы мен Ұлы жаратушының арасындағы сыр. Кісінің ораз тұтып жүргені бір Аллаға ғана аян. Сондықтан Исламда иманның, сенімнің жоғары тұратындығы осыған дәлел. Өлдебіреу ораза тұтқан адамның көңіліне тиіп, балағаттаса, ауыр сөз айтып, қол жұмсағысы келсе, өлгі аузы берік кісі: «Мен оразамын», - деп үш мәрте

айтуы керек. Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) бір кісі келіп: «Ей Алланың Елшісі (с.ғ.с.)! Маған айтыңызшы, қай амалды істесем, жұмаққа кіремін?» - деп сұрапты. Сонда Алланың Елшісі (с.ғ.с.): «Оразаң сені алып кіреді»-деп жауап береді. Өлгі кісі Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп, тағы да өлгі сұрақты қойған уақытта жоғарыдағы жауабын қайталапты.

2. Рамазан – кешірім айы. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Кімде-кім ауыз бекітсе, Алла Тағала оның істеген қолпарын кешіреді»-деген. Сондықтан да Алла Тағала бұл айдың бір түнін қасиетті де қадірлі етті. Рамазан айының 26-сынан 27-сіне қараған түні Алла Тағаладан алғаш рет Құран аяттары түсті. Сол себепті бұл түн «Қадір түні» деп аталады. Ол түннің игілігі мың айдан да артық. Ол түнде Алланың өмірімен бүкіл періштелер және Жәбірейіл періштенің өзі де жерге түседі. Ораза тұтып, Жаратушы Жаббар Иесін еске алғандардың барлығының тілектерін Алла Тағала қабыл етіп, сол түні таң атқанша Алланың пенделеріне сыйлаған сәлемі, биібітілігі, тыныштығы жалғасады. Бұл жайт Құран Кәрімнің Қадір сүресінде келінін баяндаған.

3. Рамазан – тақуалық айы. Оразада адам дене қалауларын тәрбиелеп, нефісін құлып болып кетуден өзін азат етеді. Ауызды астан ғана емес, жаман сөздерден, ғайбаттан тыйса, көзді харамға қараудан, құлақты харам нәрселерді естуден тыйады. Көп ұйқы мен көп тамақтану иманның өлсіреуіне алып келеді. Тамақты қажетті мөлшерінен асырып жеу – адамның зейінін бұзады, ар-Рахамға бойысуында денені ауыратып, адамдағы шайтанның жолдарын азықтандырады. Сондықтан, ораза ұстаған адамның әрі денесі, әрі рухы тынығады. Ең бастысы адамның қас дұшпаны болған нефісін тазартып, Раббысына жақындықтың түседі. Себебі, адам үшін ең ұлы күрес – ол нефіспен болатын күрес екенін Алла елшісі де (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) ескертіп кеткен еді. Нәсірге тойтарыс беріп, көркем мінезділікке, тақуалыққа қадам басу – мүмкіннің жеңісі болмақ. Сондықтан да, біз қадірін түсінгенше зулап өте шығатын Рамазан айындағы зор нығметтерден құр қалмайық, ағайын! Алла Тағала Рамазанның әрбір сөтінен өз үлесімді алып, жұмақ қақпаларынан жүзіміз жарқын боп кіруді нәсіп етпей!

Олай болса, қадірменді мұхтарам жамағат Алла Тағала алдымызда келе жатқан мұбарак Рамазан айын және ұлық Қадір түнін баршамызға құтты қылып, Осы айды Алла ризылығы үшін тағат-ғибадатпен өткізуді шын жүрегімізден ынталандырысн. Еліміз көркейіп, дініміз марқажа берсін!

P.S. Биыл Рамазан айы 2 сәуірде басталып, 1 мамырда аяқталады. Рамазан айы 30 күн болады. 2 мамыр – Ораза айт күні. 27 сәуірден 28 сәуірге қараған түн – Қадір түні. Пітір садақа жан басына шаққанда 500 теңге болып белгіленді.

Нұрсұлтан СЕРІКҰЛЫ,
Ойыл аудандық мешітінің бас имамы.

ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТТІҢ ТИІМДІЛІГІ

Ақпараттық технологиялар қарыштап дамыған бүгінгі күні электрондық жүйеге көшу аса маңызды болып отыр. Бұл ретте мемлекет пен қарапайым халық арасында байланыс орнату-ды жеңілдету үшін электронды үкімет жұмыс істейді. Оның бір дәлелі, **«Е.Ақтобе»** электронды қызметі.

Мектепке дейінгі ұйымдарға баланы кезекке қою, балабақшаға жолдама алу және баланы балабақшаға қабылдау **«Е.Ақтобе»** электронды қызметі арқылы жүзеге асады. Ол өте оңай, әрі тиімді.Себебі, сіз бұны ешқайда бармай-ақ, үйде отырып та жасай аласыз. Ол үшін өзіңіздің жеке электронды сәйкестендіру кілтініз /ЭЦҚ/ қажет. Сол арқылы сәйтқа кіріп, балаңызды жеке сәйкестендіру номері /ЖСН/арқылы кезекке қойып, егер де сіз таңдаған балабақшада бос орын болған жағдайда жолдама алуыңызға болады.Жолдама алғаннан кейін,балаңызды медициналық тексеруден өткізіп,бала паспорты мен 027/у формалы анықтамасын өзіңіз таңдаған балабақшаға 5 жұмыс күн ішінде өкеліп тіркете аласыз. Алайда,5 жұмыс күнінен кешіккен жағдайда сіздің жолдаманыз күйіп кететінін естен шығармаңыз.

Электронды үкімет қызметін тиімді қолданып,өз уақытымызды орнымен пайдаланайық. **А.Мырзағалиева, «Жолшы» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі.**

АУЫЗ БЕКІТЕРДЕГІ ДУҒА

«Алла тағаланың ризалығы үшін таң сәріден күн батқанға дейін Рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.»

АУЫЗАШАРДАҒЫ ДУҒА

«Аллаһым! Сенің ризалығың үшін ораза ұстадым. Сенің берген ризығың мен аузымды аштым. Саған иман етіп, саған тәуекел жасадым. Сен менің өткен және келешек күнеларымды кешір»

ОРАЗАНЫ НЕ БҰЗБАЙДЫ?

1. Ұмытып ішіп-жеу оразаны бұзбайды. Бірақ ұмытқан адам есіне түскен кезде жеуді дереу тоқтатуы керек;
2. Ұйқыдан жүніп болып ояну;
3. Әйелін сую немесе денесіне қолын тигізуі. Мұндай жағдайларда егер мәні шықпаса, ораза бұзылмайды;
4. Әйеліне қолын тигізбесе де оған қараудан немесе шүһөтін қоздырған жағдайларды ойлап мәні шықса;
5. Түнде жүніп болып, ғұсыл алуды сәресі уақытынан кейінге қалдыру;
6. Аузына келген қақырықты жұту;
7. Түкірік немесе мұрынды тарту арқылы бір нәрсенің тамаққа кетуі;
8. Булық ағу;
9. Темекі түтіні немесе топырақ, шаң, ұнның тозаңы, қардың ұшқыны, жауынның тамшыларын тамаққа еріксіз кірсе, ораза бұзылмайды;

АТА-БАБАЛАР ЖАНУАРЛАРҒА ҚАРАП АУА-РАЙЫН ҚАЛАЙ БОЛЖАҒАН?

БІЗДІҢ ХАЛЫҚ КӨШПЕЛІ ӨМІР СҰРУ МӘДЕНИЕТІН ҰСТАНҒАН-ДЫҚТАН АУА РАЙЫНА ҚАТТЫ МӨН БЕРГЕН. ЖҮГІРГЕН АҢНЫҢ ІЗІНЕН, ҰШҚАН ҚҰСТЫҢ БЫҚТИҒЫН ҚАРАП-АҚ КӨП ДҮНИЕНІ БОЛЖАҒАН. СОНЫҢ ІШІНДЕ ҚОЛДАРЫНДАҒЫ ТӨРТ ТҮЛІК МАЛҒА ҚАТЫСТЫ БОЛЖАМДАРЫ ӨТЕ КӨП.

Қазақ халқы жылқы малына ерекше көңіл бөлген. Жануар басқа малдарға қарағанда сергек болады. Сондықтан да жылқының әрбір қылығы мен қимылына қарап ауа райын алдын ала болжай алған.

Жылқы топтаса шауып, кісінесіп ойнақтай бастаса кешікпей күн суытып, ызғар жел, боран соғып не болмаса жауын жауады деп есептеген. Егер, жылқылардың жүні өрпіліп, көздері салыңқы болып, жайылуға зауқы болмаса, онда біраздан кейін күн суытып, ауа-райының бұзылуына дайындала беріңіз.

Астыңыздағы атыңыз өлсін-өлсін пысықрса, жазда жел күшейіп жауын жауады деген сөз, ал қыста қар жауып, қарлы борасын болады деп болжанады. Жылқы ыққа жайылса, өздеріңіз сезіп отырғандай ызығырлық жел, нәсер жауын, қарлы борасындар, болады. Айғыр үйірін мойынын жерге салып жинаса, ауа райының бұзылуына дайындала беріңіз.

Жылқы малы қысқы күндері немесе көктемде кез-келген жаққа қарап жайыла берсе, алда жаймашуақ күні деп күтіп тұр. Сауынды биенің сүті кенет азайып кетсе жаңбыр жауатындығын білдірген. Соғым сойған кезде соғым жылқының бауыр қылшығы ұзын болса, сол жылғы қыста қар көп жауып, қалың болады дегенді білдірген. Жылқы малы ішін өлсін-өлсін тарта берсе ауа райы бұзылады деп есептелінген. Қыстың күні жылқы оқыранып, ернін жыбырлатса көп кешікпей күн жылып, қар суын ішетіндігін білдіреді деседі.

Қазақ үшін жылқыдан кейінгі қолға ұстауға ыңғайлы малдардың бірі қой болып есептелінген. «Мал өсірсен қой өсір, өнімі оның көп-көсір» деген сөзді тегін айтпаған. Қойға қарап ауа райын болжау белгілеріне назар аударайық. Қой мазасызданып, астандағы қиын тұяғымен шұқылдай бастаса қарлы борасын болатындығын білдірген. Таңертең желдің бағытына қарап, мамыражай күйде күйсеп жатса, ауа райының жақсы болатындығының белгісі. Қой көп түшкірініп-пысықырна бастаса – бұл жауын-шашынның белгісі. Көшілік мезгілде қой аузына шөп тістеп кірсе, онда ол жылғы қыстың қатты болмағанының белгісі. Қыстың бастапқы күндері қой қорадан шығып, қора маңайында өз еркімен жатар болса, онда ол бұл жылғы қыстың жайлы болуының белгісі. Тіпті, үлкендер бұны жұттың белгісіне де балаған. Жайылымдағы қой тұяғымен тәсін қаси берсе, алдағы қыста қардың қалың болатындығын білдірген. Күзге салым қозылар ененерінен бөлініп, отардан жиі қалғыштай бастаса қыстың қатты болмағы, ал, қозылар отар қойдың алдына шығып, онды-солды ойнақтай бастаса қыстың жай-



Ойыл ауданы, Қараой ауылының тұрғыны, құдамыз Амангелді Қойшанұлы ТЕМІРМҰХАНОВТЫ 80 жас мерейтойымен құттықтаймыз!



Сіз саналы ғұмырыңызды медицина саласына арнап, дәрігерлік қызметіңізді абыроймен атқардыңыз. Зейнетке шықсаңыз да, қоғамдық өмірге белсене араласып, ауылда атқарылып жатқан жұмыстардың басы-қасынан табылып, жөн сілтер ақыл-кеңесіңізді беріп отырасыз, сізді ауыл халқы өркез үлгі етіп, құрмет тұтады. Сізге шын көңілімізбен зор денсаулық, ұзақ ғұмыр және құдағайымыз Күмсай екеуіңіз ұл-қыздарыңыздың қызығы мен қуанышына, немерелеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп жүре берулеріңізге тілектеспіз. **Тілек білдірушілер: Шалқар қаласындағы құда-құдағайыңыз Дәулет-Шайбала, құда баланың Мейірлан-Гүлдана, Айназым.**

ОРАЗА ЕРЕЖЕЛЕРІ

10. Тістердің арасында қалған тамақ қалдықтары ноқаттан кішкене болса, оны жұту оразаны бұзбайды;

11. Еріксіз ауыз толы құсу немесе оның ішке қайта кетуі оразаны бұзбайды;

12. Қан алдыру немесе сүлік салдыру;

13. Көзге дәрі тамызу;

14. Мисуақ немесе тіс пастасын қолдану оразаны бұзбайды. Бірақ пастасы ішке кетіп қалса бұзылады. Ең абзалы таң намазы кірмей тұрып тістерді жуу;

15. Тіс жұлдыру оразаға кедергі жасамайды. Бірақ жұлдырған уақытта ауыздағы қанды яки дәріні жұтпау шарт;

16. Ауыз бен мұрынға су алып шайқау оразаны бұзбайды. Бірақ тамаққа кетпеуін қадағалау қажет;

17. Душа жуыну, теңізге, көлге түсу оразаны бұзбайды. Бірақ су жұттып қоюдан сақтануы керек.

ОРАЗАНЫ НЕ БҰЗАДЫ?

1. Әдейі бір нәрсені жеп-ішу;
2. Темекі шегу, насыбай ату, дәрі ішу, құрамында нәрлі заттары бар укол қабылдау;
3. Аузындағы жаңбыр тамшыларын әдейі жұту;
4. Әйелімен жақындасу (яғни, таң намазынан ақшам намазына дейін жақындасу оразаны бұзады);

ҚМДБ Шариғат және пәтуа бөлімі

лы болмағы деген болжамдар бар. Қазақ халқы ешкі малын жайысы ауа райына тәзімсіз мал ретінде санап, ешкілердің өрекетіне қарап та көп дүниені болжаған. Ешкілер әдетінен жанылып, тастың, үйілген тездектің білігіне шығудың орнына, ығына тұрып алатын болса, көп күттірмей жауын-шашынның болатындығы деп болжаған. Кешкі мезгілде ешкі малы қораға қарай асықса, түннің салқын болуының белгісі. Ешкілер қуырығын шыбы-жыңдатаып, көлеңке іздесе – күннің ыстық әрі шыбынды болмағы.

Біздің бабаларымыз сиырға қарап та болжам жасаған. Таңғы мезгілде сиырлар желге бетін беріп, маңғазда-на күісеп жатса сол күні жауын-шашынсыз, тымық күн болады. Күн бұзылардың алдында сиыр малы өрістен өз еркімен ерте қайтатын болған. Жаңбыр жауып тұрған кезде бұқа мөңіреп, өкіріп жүрсе көп ұзамай аспаның ашылатындығының белгісі. Сауын сиырлар бұзауларына қарағыштап, қайта-қайта мөңіресе, көп кешікпей жаңбыр жауады деп есептелінген.

Қазақ үшін түйенің де маңызы зор болған. Түйе бойына сеніп жылдан құр қалғанымен біздің халқымыз үшін ауа райын болжап беру қасиеттеріннен кенде емес. Үлкендер түйелердің сезімдік қасиеті ауа райының құбылуынан екі-үш күн ерте білінеді дейтін. Тілақ, боталардан бөлек үлкен түйелер, атандар тайраңдап болса, бұл күннің суытатындығын білдіреді. «Атан түйе ойнақтаса жұт болар» деген мақал бізге тегін келмегендей. Егерде, түйе малы қыста ернін жыбырлата берсе, көктемнің ерте шығатындығының белгісі деп біліңіз. Түйенің ши немесе бұта түбінде төмен қарап шөгіп жатса, бұл жаз болса жауын, қыс болса боран болатындығының белгісі.

Біз кейде өлдебір кітапты оқып отырып, болмаса танымдық баяндаманы көріп отырып «Оу, мұны біздің қазақем баяғыда білген ғой» деп кісіміс қаламыз. Адамның рухани болмысы расымен де табиғат құбылыстарын танып-білу арқылы қалыптасады. Түз тағысының табиғатқа қолдағы жануарларға қарағанда жақын жүретіндігі белгілі. Ата-бабамыз жабайы жан-жануарлардың өрекетін зерделеп, сол жануарлардың құпия сырларына мән беріп, өздерінен қорытынды тұжырым жасаған екен.

Бізде «Тасбақа дауылы» деген ұғым бар. Қазақ тасбақаны киелі деп есептеп, тасбақаның киесінен қатты қорыққан. Тасбақа – қыста ұйқыға кететін жаратылыс иесі. Көктемде, сәуір айында тасбақалар ұйқыларынан оянып, жер бетіне шығады. Бұл осы аралықта ауа райы өзгереді. Дел мезгілдерде қатты дауыл, ызғар жел соғады. «Тасбақа дауылы» дегеніміз осы. Мұның сыры мынада екен. Ұзақ уақыттан оянаған тасбақаның бойынан әл кетеді. Тасбақа сауытының үстіне үйілген топырақ, құмдарды осы дауыл үрлеп түсіріп, тасбақаның ұйқысынан оянуына, өз бетінше жүре алуына себептің тигізеді деп тұжырым жасаған. Бізге қыс болғандықтан ауа райы-

5. Себепсіз қорек немесе қоректік қасиеті бар барлық заттарды біле тұра әдейілеп жеу оразаны бұзады;

6. Мұндай жағдайларда каффарат оразасын ұстау қажет. (Каффарат деп – рамазан айының оразасын себепсізден-себепсіз біле тұра бұзып жіберсе, екі ай ораза ұстауды, оған шамасы келмесе алпыс кедейді тамақтан-дырып, тойғызуды айтады).

ОРАЗАНЫ КІМДЕРГЕ ҰСТАМАУҒА РҰҚСАТ?

- 1.Жолаушылық; (сапарда ауыз бекітпеуге болады, бірақ басқа күндерде санын толтырып ораза ұстайды);
2. Жүктілік пен бала емізу; (егер денсаулығы мен баласына зиян келуден қорықса ораза ұстамай кейін қазасын өтесе болады);
3. Ауру-сырқау; (сенімді дәрігер ораза денсаулығына зиян тигізетінін жан-жақты анықтап барып айтса, жазылған соң ұстауға болады);
4. Көрлік; (қартайып оразаны денсаулығы көтермейтін кісілер бір кедейдің таңғы және кешкі асын беріп тойдырады. Оған шамасы келмесе төбе етеді);
5. Хайыз (етектік) бен нифас; (бір әйел ораза кезінде етеккір көрсе немесе босанса ораза бұзылады. Мұндай жағдайда тоқтаған соң қазасын өтейді).



Рамазан

Ойыл ауданы

2022

сәуірі 1443 нс

РАМАЗАН айы	Апта күндері	Сәуір және Мамыр	таң (сәресі бітетін уақыт)	күннің шығуы	Бесін	Екінті	Ақшам (ауыз ашар уақыт)	Құптан
1	Сенбі	2 сәуір	05:26	06:52	13:30	17:58	19:58	21:25
2	Жексенбі	3 сәуір	05:24	06:50	13:30	18:00	20:00	21:26
3	Дүйсенбі	4 сәуір	05:22	06:48	13:29	18:01	20:02	21:28
4	Сейсенбі	5 сәуір	05:19	06:46	13:29	18:02	20:03	21:30
5	Сәрсенбі	6 сәуір	05:17	06:44	13:29	18:03	20:05	21:32
6	Бейсенбі	7 сәуір	05:14	06:42	13:29	18:04	20:06	21:34
7	Жұма	8 сәуір	05:12	06:40	13:28	18:05	20:08	21:36
8	Сенбі	9 сәуір	05:09	06:38	13:28	18:06	20:09	21:38
9	Жексенбі	10 сәуір	05:07	06:36	13:28	18:07	20:11	21:40
10	Дүйсенбі	11 сәуір	05:04	06:34	13:27	18:08	20:12	21:42
11	Сейсенбі	12 сәуір	05:02	06:32	13:27	18:09	20:14	21:44
12	Сәрсенбі	13 сәуір	05:00	06:30	13:27	18:10	20:15	21:46
13	Бейсенбі	14 сәуір	04:57	06:28	13:27	18:11	20:17	21:47
14	Жұма	15 сәуір	04:55	06:26	13:26	18:12	20:18	21:49
15	Сенб	16 сәуір	04:52	06:24	13:26	18:13	20:20	21:52
16	Жексенбі	17 сәуір	04:50	06:22	13:26	18:14	20:21	21:54
17	Дүйсенбі	18 сәуір	04:47	06:20	13:26	18:15	20:23	21:56
18	Сейсенбі	19 сәуір	04:45	06:18	13:25	18:16	20:24	21:58
19	Сәрсенбі	20 сәуір	04:42	06:16	13:25	18:17	20:26	22:00
20	Бейсенбі	21 сәуір	04:40	06:14	13:25	18:18	20:27	22:02
21	Жұма	22 сәуір	04:37	06:12	13:25	18:19	20:29	22:04
22	Сенб	23 сәуір	04:35	06:10	13:25	18:20	20:30	22:06
23	Жексенбі	24 сәуір	04:32	06:08	13:25	18:21	20:32	22:08
24	Дүйсенбі	25 сәуір	04:30	06:06	13:24	18:22	20:33	22:10
25	Сейсенбі	26 сәуір	04:27	06:05	13:24	18:23	20:35	22:12
26	Сәрсенбі	27 сәуір	04:25	06:03	13:24	18:24	20:36	22:15
27	Бейсенбі	28 сәуір	04:22	06:01	13:24	18:25	20:38	22:17
28	Жұма	29 сәуір	04:20	05:59	13:24	18:26	20:39	22:19
29	Сенб	30 сәуір	04:17	05:57	13:24	18:26	20:41	22:21
30	Жексенбі	1 мамыр	04:15	05:56	13:23	18:27	20:42	22:23